

# АЛАУИТТЕР (العلاويون)

Орындаған: Алпысбай М.  
Тексерген: Әлтаева Н.

# Жоспары

- Шығу тегі
- Халқы мен орналасуы
- Тарихы
- Сенім негіздері
- Культ,рәсімдері және ұйымдары
- Басқа діндермен арақатынасы
- Атақты алауиттер өкілдері
- Қазіргі кездегі жағдайы

# Шығу тегі

Алауизм IX ғасырда пайда болды. Дәстүрлі түрде ағым Мұхаммед ибн Нұсайрмен қалыптасты (Басрада 883 жылы қайтыс болды), болашақ он бірінші шииттік имамы Хасан әл-Аскар иерушісі болған, оның дүниеге деген көзқарасын таратқан, өзін оның «Қақпа» (Баб) деп атаған. Ибн Нұсайраның ілімін әрі қарай дамытқан Мұхаммед әл-Джаннан әл-Джунбулани болды. Жоғарыда дәстүрлі деп атап кеткен болатынбыз. Осы ағымға деген көзқарастарды алауиттердің қарсыластары мен дұшпандары келтірген.

# العلويون

اصحاب دين جديد أم طريقة تصوف  
او مذهب سياسي لحصر العولمة؟

تأليف

ابراهيم الداغولي

مكتبة النشيط

WWW.MAKTIBTNASHI.COM

- Алавиттер (алауїттер, араб. العلویون — al-'Alawīyūn), және де нұсайриттер деген атпен де танымал (негізін қалаушы кісінің есімімен байланысты; араб. نصیریون — Nuṣayrīyūn, тур. Nusayriler), «кызылбаши», «Али-Алла» (Алиді құдайдай көру) — алауизмнің ерушілері-исламның парсылық бағытының, тіпті шиизмнің эзотерикалық тарамы болып есептеледі, өйткені алауиттерді күйеу бала культі және Мұхаммед пайғамбардың немере інісі Али байланыстырады. Алауизм – эклектикалық дін болып табылады.

- Алавизм (Алевизммен шатастырмау керек) — исламдық діни бағытына жататын тарамы немесе секта, бұлардың ілімі шииттік-исмаилиттер мен гностикалық христиандық іліміне өте жақын болып келеді. Кейбір мұсылмандық теологтар (мысалы, атақты Ибн Таймийяның тармағының жолын қуушылардың есептеуінше, алауиттер шиизмнен бөлініп шыққан және діни тәжірибеде өз көзқарастарын негіздеді, дәстүрлі исламдық құндылықтарынан өзгеше, өзгергені соншалық, кейде оны исламдық ағым деп атауға да келмейді. Бұл негізі-исламның аралас, христиандық пен исламға дейінгі шыыстық сенімге («жаһилия») негізделеді.

«Алауиттер» термині өзіндік атау және бір ғана емес, бірнеше жеке, өзіндік әр түрлі генезисімен, дін бойынша негіз болатын мұсылмандық секта, осыған сәйкес, түріктердің «қызылбаши» және сириялық «алауиттер» ортақ тамыры да, ортақ діни тәжірибесіне де ие болмайды деген пікір қалыптасқан. Alawi (сириялық нусайриттерге қатысты) және Alevi (түріктік алеуиттерге қатысты) терминдерімен ғана шектеліп қалуы мүмкін. С. Гафуров түріктік және сириялық алауиттердің арасында азғантай ғана айырмашылық бар екендігі, бірақ оны шешуде еуропалық шығыстанушылардың әлі шеше қоймағандығы жөнінде айтады. Левнтийлік және кіші азиялық нусайриттер тобымен алауиттердің «күнгеі»- «айлы» және «батыстық»- «шығыстық» классификациясы негізінде айырмашылықтар кездеседі. Гафуров материалистік түсінік бойынша діннің тарихын түсінуді былай айтқан: культтер арасында айырмашылық болуы мүмкін және әр түрлі әлеуметтік-экономикалық шарттарға сәйкес өзгеріске салуы мүмкіндігін түсіну қажет.

# Алауиттер





- Бұдан басқа, «алеви» сын есімі («Али» есімінің кең тарауына байланысты) көбіне жалпы есім ретінде қолданылуы мүмкін немесе қолданылады. Және осыдан, Али есімімен аталған немесе жататын ілімдерде түсінбеушіліктер туындайды.
- Төмендегі текст сириялық алауиттердің, Түркия аумағында тұратын, Александретта аумағында көп кездесетін этникалық сириялықтарды қоса алғанда артықшылықтары жатады. Түркиялық алауиттер 10-12 млн ұстанушылары, өзіндік феномен ретінде лефантийліктен өзгеше болып кездеседі. Түркияда 5 млн алауиттер өмір сүреді.
- Батыстық және орыс шығыстанушылары арасында альтернативтік классификация қолданылады, осыған сәйкес алауиттер жекеше бір секта емес, шииттік суфизмнің өзгертілген типі ретінде аталады. Бұл ілім негізінде «тақия» принципі жатыр.

# Халқы мен орналасуы

- Алауиттердің нақты санын есептеу мүмкін болмай отыр, өйткені Сирия мен Түркия арасында халық құрамын санайтын хаттардың кездеспеуімен байланыстырады. Сирияда олардың саны халықтың 10-12 пайызы, яғни 2-2,5 млн адам. Кезінде Латакии-Тартус өңірінде көптеп кездеседі. Алауиттік тайпалар Сирияда 4 топқа бөлінеді: Хаятия, Калябия, Хаддадия және Мутавира. Түркияда алауиттерді қуғындау процесі 1826 жылдан бері жүзеге асырылып келеді, сондықтан оның санын есептеу мүмкін емес.

# Тарихы

Алауиттердің тарих бастауы туралы материалдар жайылмаған, бірақ 16 ғасырда Левантта (Джубейл мен Бааль-бекте) көптеп кездесті және осман империясының шешімімен алауиттік отбасылар екіге бөлінді-Бени Хамади және Харфуш сияқты шейхтер Евфрат үшін болған таластан бөлінді. Түркия үкіметі біресе Хамадиді, біресе Харфушты қолдайды 18 ғасырда алауиттерге Леванттан исмаилиттерді әскери күшпен қуып шыққан болатын. Француз экспедициялық корпусының капитуляциясынан кейін алауиттер түрік пашаларының, мысырлық мәмлүктердің және тұрғылықты феодалдардың езгісіне түседі. Олар тарихи дұшпандары друздардан көмек сұрайды, алайда олар көмекке қол ұшын беруден бас тартады. Бұдан бөлек, друздық шейхтер геноцид формасын кішкене болса да шектеді. Алауиттік шейхтердің иелігі тек Латакии-Касьюна жеріне ғана сақталады.

# Сенім негіздері

- Алауиттердің басты қасиетті кітабы — «Китаб аль-Маджму», 16 сүрені қамтиды және Құранға еліктеу болып табылады. Ол мына формада басталады «Кім біздің мырза, бізді жаратқан кім? Жауап: бұл сенушілердің әмірі, сенім әмірі, Али ибн Абу Талиб, Құдай. Одан басқа құдай жоқ».

# Культ, рәсімдері және ұйымдары

Исламдық рәсімге келетін болсақ, алауиттер өздеріне жеңілдетіп алды. Рамазан айында болатын оразаны қалдырды, бірақ тек 15 күн ұстанады. Дәрет алуды алып тастаған, намаз күніне 2 рет қана оқылады. Көптеген тиымдар алып тасталған болатын., бұған қоса алкогольге тиым алынған.

# Басқа діндермен арақатынасы


- Шынайы мұсылмандар алауиттерді жек көрді, олардың ілімдері исламға жақын болғандықтан, діннен бөлінген ағым ретінде емес, көптеген бұрмалаушы типте болды деп есептеді. Сүнниттік шейхтер, алауиттерді-зұлым еретиктер деп санады. Олардың бізге тигізетін зияны француздардан, түріктерден және басқалардан жоғары дейді. Олар іс жүзінде Құдайға да, Мұхаммед пайғамбарға да, Құран аяттарына да сенбейді. Алауиттердің өздері христиандармен етене жақсы араласқан, олардың арасында некелік принциптер қалыптасып, осылардың арасында әйел алушылық көбейген







# Қазіргі кездегі жағдайы



Сунниттік ұлтшылдар алауиттерге өз мемлекетін құруға жол бермеді, ал өз кезегінде алауиттер өздеріне бүкіл Сирияны алды. Панарабизм өте ыңғайлы қару, себебі панарабизммен сунниттер алауиттерді жаулап алды. Ал алауиттер осы қарумен бүкіл Сирияны жаулап алды. 1960-70-жылдары сириялық алауиттердің елдегі орнының өзгеруіне әкелді. Алауиттердің қатарынан шыққандар Сириядағы мемлекеттік-партиялық зиялы қауым құрады. Бірақ та алауиттерге қарсылық көрсеткен сунниттік көпшілік алауиттерді басқа елдердегі (Ирак, Ливан, Иран) алауиттермен тығыз қарым-қатынас құруға мәжбүрледі. Осы қатынастардың орнауына тағы да себеп ретінде, елдегі антибааситтік оппозицияның («ағайынды-мұсылмандар») әрекеттері, Сирия-Ирак қарым-қатынасының күшеюі, сондай-ақ Сирия мен Иранның бірлігі болды. Хафез Асад елде Жоғарғы Джафариттік Рухани Кеңестің құруы елдегі алауиттердің 12 имамның жолын ұстанушы шииттік қоғамның бір бөлігі екенін көрсетті. Алауиттік қоғам жаңа статус алып, олардың мемлекеттендірілуі басталды. Алауиттік офицерлердің билікке ұмтылысы басқа этно-конфессионалдық қоғам өкілдерімен қатыгез текетіресте дамыды. Осы текетіресте алауиттердің басты қаруы ретінде ішкі бірлік пен бааситтік партиямен бірлігі болды.

- Башар Асадтың ресейлік «Russia Today» телеканалына берген сұхбатында: «Сирияда азаматтық соғыс емес, терроризмге және оны сырттан қолдап отырған күштерге қарсы соғыс жүріп жатыр» деді. Ал түркиялық «Джумхуриет» газетіне берген сұхбатында Сирия президенті Башар Асад: «Егер де мен жаман мақсаттармен креслода отырған болсам, онда Американың бұйрықтарын орындап отыратын едім, ақшаның артынан жүгіретін едім, өзімнің ұстанымдарым мен ұлттық мүддемнен бас тартып, Сирияның территориясында Американың «ПРО» системасын орнатар едім» деген еді.

- Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай деген: «Өз бауырларыңа қаратып қару кезенбеңдер! Себебі шайтан оның қолын тайдырып, соның нәтижесінде ол тозақ орына түсіп кетуі мүмкін».
- Сонымен қатар Пайғамбарымыз (с.а.с.) тағы бір хадисінде былай дейді: «Тіпті туған бауырына қарай темір кезенгенді, сол ісінен тыйылмайынша періштелер оған қарғыс айтады».

# Қорытынды

Елді 40 жыл бойы басқарған алауиттер династиясының бәлкім, соңғы күндерін көріп тұрған шығармыз. Бұл көтерілістің басталуы бір ғана жағдайдың әсерінен болмады. 40 жылдан бері жинала беріп, 2011 жылы өз шегіне жетті. Елдегі билікке қорғаныс министрі болған Х.Асадтың төңкеріс арқылы келуін алғашында халқы үмітпен қарсы алды. Бірақ та әскери ойда болған Х. Асад елдің жағдайын көтеруден бұрын, КСРО-дан тек қана қару-жарақ сатып алумен айналысты. Елдің экономикасы орасан зор шығынға кірді. Одан қалса, 1982 жылғы «Ағайынды-мұсылман» ұйымының көтерілісін аяусыз басып, өзіне фундаменталистерді қарсы қойды. Елдегі билік тек қана алауиттердің қолында болды. Қазіргі таңда Сирияда 2,5 млн күрдтер өмір сүреді. КСРО құлағанға дейін күрдтік зиялы қауым өкілдері дәрігер, фармацевт, құрылысшы, заңгер болып істеді. Билікке БААС келгеннен бастап, күрдтердің құқықтары мен бостандықтары еленбеді. 1962 жылдың қазанында Сирияда шұғыл түрде халықтық санақ басталды. Және күрдтік ауданда тұрып жатқан соңғы 10 жыл салық есепшотын көрсетпеген күрдтер Сирия азаматтығынан айырылып, тек Сирияда өмір сүруге рұқсат беретін қағаз алды. Азаматтығы болмағандықтан, күрдтерге медициналық, әлеуметтік жеңілдіктер көрсетілмеді. Елдегі күрдтердің құқығы қорғалмады. Халықтың жағдайы еш өзгермеді. Баяғыдай сыртқы қарыз өсе берді, билік Ресейден қару-жарақты ала берді. «Араб көктемін» ХХ ғасырдың ортасында болған ұлт-азаттық көтерілістеріне теңеуге болады. Бірақ ол кезде басқыншыларға қарсы болса, қазіргі кезде «диктаторларға» қарсы болды. Басқа араб елдерінің абсолютті көсемдерінің тақтан аластатылуы, басқа елдердегі көтерілістің нәтижелері Сирия халқына да жаңа үміт сыйлады. Өз халқына қару көтерген басшының билікте көп отырмауы ғажап емес. Қазақ айтпақшы, «елім дейтін ерің болмаса, ерім дейтін елің болмас».

Назар аударғандарыңызға  
рахмет!

